Сонымен қатар, терракот әскерімен бірге император 70 мың жұмысшыларды отбасымен қоса, үш мыңдай күнді алып кеткен. Терракот әскерінің қазба және жаңғырту жұмыстары бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Табылған сынықтар қалпына келтірілуде. Аты аңызға айналған императордың моласында қанша керемет құпия бүгіп жатқаны белгісіз.

1) Бір орталыққа бағынған Цинь мемлекеті қалай құрылды?

2) Цинь Ши Хуанди деген кім?

3) Ол қандай өзгерістер жасады?

4) Цинь империясының саяси құрлымын атаңыз?



Дескриптор:

Білім алушы

- Цинь империясының құрылғанын атайды;
- Цинь Ши Хуандидің атқарған қызметін біледі;
- Цинь Ши Хуандидің енгізген өзгерістерін атайды;
- Цинь империясының саяси құрлымын атайды.

Тақырып
күнге дейін жетті?

Ежелгі Қытайдың қандай ғылыми ашулары бүгінгі

Оқу мақсаты

5.2.4.2 Ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Шаруашылық түрлерінің ғылымдардың пайда болуына әсерін сипаттайды


Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Суреттерді пайдалана отырып, ежелгі Қытайлықтар ойлап тапқан өнертабыстарын атап, оны не үшін қолданылатынын кестеге толтырыңыз.


Ежелгі Қытай ғалымдары өте талантты болған. Олар Еуропаға қарағанда 1000 жыл бұрын бірнеше өнертабыстарын ойлап шығарған. Екіншілік пен құрылыс істері көптеген ғылым салаларының қалыптасуына ықпал етті.



1



2



3



4



5



6

1.	4.
2.	5.
3.	6.

Дескриптор: *Білім алушы*

- Ежелгі Қытайдағы ғылыми білім мен өнертабыстарды суреттерді пайдаланып атайды;
- Ежелгі Қытай өнертабыстарының не үшін қолданылатынын атайды

Бөлім:Ежелгі Грекия

ТақырыпЕжелгі Грекия өркениеті бастауын қайдан алады?

Оқу мақсаты

5.2.2.3 Ежелгі дүниенің өнеріне сипаттама беру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ежелгі дүние өнеріне сипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

№1,2 суретте Ежелгі Микенықаласы көрсетілген. Суретке қарап жорамалсұрақтарғасипаттама беріңіз:



Бақылау сұрақтары:

Нені көре аламыз?

Бірінші суреттегі қаппа неге ұқсайды?

Бұл қаланың мәдениетін кім зерттеген?

Талдау сұрақтары:

Құрылыс қашан салынған? Оның қандай бөліктері бар?

Проблеманы шешетін сұрақтар:

Микены қаласы қандай стильде салынған?

Айрықша сұрақтар:

Қала бейіттерінен не табылды?

Қиял-ғажайып сұрақтар:

Егер сіз археолог болсаңыз нені өзгертер едіңіз?

Дескриптор:

Білім алушы

- Бақылау сұрақтарына жауап береді;
- Талдау сұрақтарына жауап береді;
- Проблеманы шешетін сұрақтарға жауап береді;
- Айрықша сұрақтарға жауап береді;
- Қиял-ғажайып сұраққа жауап береді.

Тақырып	Неліктен Ежелгі Грекияны демократияның отаны деп атайды?
Оқу мақсаты	5.3.1.1 Ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген мәтінді оқып, Афина мемлекетінің саяси құрылымын тірек-сызба түрінде көрсетіңіз.

Афинадағы мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып халық жиналысы табылды, ал анықталған нақты мерзімдежылына 40 рет шақырылатын. Халық жиналысына тек жиырма жасқа толған толық құқылы афиндік азаматтар ғана қатыса алатын. Шешім қабылдау үшін 6 000 адамның болуы міндетті болатын. Басқарудың жоғарғы органы болып бас жүздік кеңесі табылған, оған әрбір аумақтық он фильден бір жылға жеребе арқылы сайланатын, 30 жасқа толған 50 азамат кіретін.

Ағымдағы істерді шешу үшін он комиссияға бөлінген, бұл комиссия әрбір фильден 50 өкілден құралған. Жоғарғы сот органы болып гелиэя табылды, ол 6 000 адамнан құралады, оны әрбір фильден жеребе арқылы бір жылға 36 сайланатын 30 жасқа толған 600 адам құрады. Гелиэя 501 мүшеден тұратын 10 алқаға бөлінген (қалған мүшелері қосымша деп саналатын). Заң жобаларын қарастыру үшін гелиэяда номафеттердің гелиэяның 1 000 мүшесінің ерекше алқасы құрылатын. Мемлекетті басқаруда лауазымды тұлғалар маңызды рөл атқарған.

Олардың ішінде: стратегтер алқасы - 10 адамнан құралған; бұл лауазымды тек үйленген және жылжымайтын мүлкі бар азаматтар ғана иелене алатын; архонттар алқасы — 9 адамнан құралған; олардың әрқайсысының нақты функциялары болған; аполектер мемлекеттік қазынаны басқарған; элленоттар - афиналық теңіз одағының қазынасын басқарған; полеттер - мемлекеттік мүлікті басқарған; логистер - лауазымды тұлғалардың ақшалай есептерін қабылдаған; астиномактар - көшелердегі тәртіпті бақылаған және т.б.

Дескриптор:	<i>Білім алушы</i> Афина мемлекетінің саяси құрылымын тірек-сызба түрінде көрсетеді.
--------------------	---

Тақырып Неліктен Ежелгі Грекияны демократияның отаны деп атайды?

Оқу мақсаты 5.3.1.2 Афина мемлекетінде демократияның пайда болуын түсіндіру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Афина мемлекетінің сайланбалы органдарын анықтайды

**Ойлау дағдыларының
Деңгейі** Білу және түсіну

Тапсырма
Төмендегі кестені толтырыңыз.

Сұрақтар	Халық жиналысы	Бесжүздік кеңес	Қызметкер тұлға	Сайланбалы сот
Кімдер, қалай сайланған?				
Қандай істер қаралған?				
Жиындар неше рет өттізілген?				

Дескриптор: *Білім алушы*

- Халық жиналысының негізгі қызметтерін, құрамын, өткізілетін мерзімдерін жазады;
- Бесжүздік кеңестің негізгі қызметтерін, құрамын, өткізілетін мерзімдерін жазады;
- Қызметкер тұлғалардың негізгі қызметтерін, құрамын, өткізілетін мерзімдерін жазады;
- мемлекеттегі сайлану тәртібін көрсетеді.

Тақырып	Ежелгі Спарта Афинадан несімен ерекшеленді?
Оқу мақсаты	5.3.1.1Ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Афина мен Спартаның саяси құрылымын салыстырып кестені толтырыңыз.

АФИНА	ҰҚСАСТЫҒЫ	СПАРТА
АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ		АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Дескриптор:	<i>Білім алушы</i> - Афина мен Спартаның саяси айырмашылығын анықтайды; - Афина мен Спарта мемлекетінің ұқсастығын анықтайды.
--------------------	--

Тақырып Ежелгі Спарта Афинадан несімен ерекшеленді?

Оқу мақсаты 5.1.2.1 Ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Қоғамының әлеуметтік құрылымына сипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Төмендегі берілген ежелгі Спарта қоғамы мүшелерінің құқықтарын бағдар арқылы сәйкестендіріңіз.

Спартандар		Лаконикада туған тұрғындар; жеке бостандығын сақтаған, бірақ мемлекет билігіне араласпаған.
Периэкттер		Көне Спартаның жергілікті тұрғындары, спартандар өздеріне бағындырған. Жер телімдеріне бекітілген мемлекеттік құлдар.
Илоттар		Барлық құқықтарға ие болды.

Дескриптор: *Білім алушы*

- спартандардың Спарта қоғамындағы құқықтарын сәйкестендіреді;
- периэкттердің Спарта қоғамындағы құқықтарын сәйкестендіреді;
- илоттардың Спарта қоғамындағы құқықтарын сәйкестендіреді.

Тақырып Неліктен Александр Македонский скифтерді бағындыра алмады?

Оқу мақсаты 5.3.2.1 Ежелгі заман тарихындағы мемлекетаралық қатынастарды түсіндіру үшін «империя» ұғымын білу және пайдалану

Бағалау критерийі *Білім алушы*


- «Империя» ұғымын пайдаланып, мемлекетаралық қатынастарды түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Александр Македонскийдің скифтермен мемлекетаралық қатынастарын кескін картаға түсіріңіз:

1. Александр Македонскийдің скифтермен соғысын үзік сызықпен белгілеңіз.
2. Александр Македонский құрған державаның шекарасын қызыл бояумен қоршаңыз.
3. Александр Македонский негізін қалаған қаланы белгілеңіз.



Дескриптор:

Білім алушы

- Александр Македонскийдің скифтермен соғысын үзік сызықпен белгілейді;
- Александр Македонскийдің империясының шекарасын қызыл бояумен белгілейді;
- А. Македонский негізін қалаған қаланы белгілейді.

Тақырып

Оқу мақсаты

5.3.2.2 Басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін талдау

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Шекаралардың өзгеруіне соғыстар мен империялардың әсеріне талдау жасайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Қартаны пайдаланып Александр Македонскийдің жаулап алуын әтижесінде қартада болған өзге
рістерге талдау жасаңыз.



Дескриптор:

Білім алушы

- Александр Македонскийдің жаулап алуы нәтижесінде картада болған өзгерістерге талдау жасайды.

Бөлім:Ежелгі Грекия мәдениеті

ТақырыпЕжелгі Грек философтары мінсіз қоғамды қалай елестетті?

Оқу мақсаты

5.2.3.1 Ежелгі философтардың көзқарастарына қарапайым түсіндірме беру

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Философиялық көзқарастарды түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Білу және түсіну

Тапсырма

Төмендегі берілген мәліметтерді Грек философтарын еңбектерімен өзара сәйкестендіріңіз.

	1. Сократ Ежелгі Греция /б.з.д. 469— 399/	А) "Саясат" деген еңбегін мемлекет және мемлекеттің құрылымына, түрлеріне арналды. Ол жердің шар іспетті екендігі, ал күн мен жұлдыздардың жердің төңірегінде айналатындығы туралы тұжырымдама жасаған.
	2. Аристотель Ежелгі Греция /б.з.д. 384— 322/	В) "Мемлекет" атты еңбегінде мемлекеттік басқарудың аристократиялық түрін шынайы мемлекет ретінде сипаттайды және мемлекеттік құрылыстың бес түрін: аристократия, тимократия, олигархия, демократия және тиранияны атайды. "Заңдар" еңбегінде мемлекеттік құрылыстың екінші жобасын ұсынады.
	3. Платон Ежелгі Грекия /б.з.д. 427— 347/	С) Софистердің идеалистік ілімін сынға алды. Мемлекеттің мені мен адамгершілік — саналық негізін анықтауға әрекеттенді және мемлекетті білімділер ғана басқаруы тиіс деп есептеді.

1	2	3

Дескриптор:

Білім алушы

- Ежелгі Грек философтарын сурет арқылы атайды;
- Ежелгі Грек философтарының көзқарастарын сәйкестендіреді.

ТақырыпЕжелгі Грекия өнері қандай болды?

Оқу мақсаты

5.2.2.3 Ежелгі дүниенің өнеріне сипаттама беру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ежелгі дүние өнерінесипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі


Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген суреттен грек театрының бөліктерін көрсетіңіз.

Театр Грекияда б.з.б.V – IV ғ салына бастады. Театр - грек тілінде ойын-сауық орны, көрінісдеген ұғым береді. Оның пайда болуы Дионис құдайдың құрметіне арналған ойын – сауықпен байланысты шыққан.

ТЕАТР	1.көрерменге арналған орын
	2.орхестра – ойын көрсететін алаң
	3. сцене – актерлер киім ауыстыратын жер



Берілген ақпаратты қолданып, сұраққа жауап беріңіз:

Театр қойылымдары күнделікті емес, жылына бірнеше рет қана болатын. Қойылымның негізгі екі түрі болған: трагедия және комедия. Қойылым барысында актерлер арнайы маскалар киетін болған. Әйел ролін ер адамдар ойнаған.

Төменде берілген бетперделер қойылымның қай түріне (жанрға) жатады?

1. _____ 2. _____ 3. _____





Дескриптор:



Білім алушы

- Грекиялық театр бөліктерін дұрыс көрсетеді
- Грекиялық бетперделердің қай жанрға жататындығын анықтайды;

Тақырып Ежелгі Грекияның гимназия, лицей, академиялары
нені үйретті

Оқу мақсаты

5.2.4.2 Ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Шаруашылық түрлерінің ғылымдардың пайда болуына әсерін сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Төмендегі кестеге Ежелгі Грек жеріндегі мектепті сипаттап, толтырыңыз.

сұрақтар	Бірінші басқыш	Екінші басқыш	Үшінші басқыш
Балалардың жас шамасы			
Неге үйретті?			

Төмендегі Ежелгі Грек ғұламаларына қай ғылым өкілдеріне жататынын анықтаңыз:

1. Пифагор -.....;
2. Гиппократ -
3. Геродот -
4. Гомер -
5. Эмпедокл -
6. Аристотель -
7. Демокрит -

Дескриптор:

Білім алушы

- Грек мектептерінің әр басқыштарында оқитын балалардың жасын атайды;
- Грек мектептеріндегі балаларға оқытылатын білімдерді жазады;
- Ежелгі Грек ғұламаларының қандай ғылым өкілдері екендігін анықтайды.

Тақырып
нені үйретті

Ежелгі Грекияның гимназия, лицей, академиялары

Оқу мақсаты

5.2.4.1 Ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Жазудың рөліне сипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Суретті қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Ежелгі грек мектебінде оқушылар қандай жазу құралдарын пайдаланды?

2. Стилус (стиль) құралының екі ұшын қандай мақсатта пайдаланған?

3. Жазудың грек халқы үшін қандай маңыздылығы болды?

Дескриптор:

Білім алушы

- Ежелгі Грекиядағы жазу құралдарын атайды;
- Ежелгі Грекиядағы стилусты қолдану ерекшелігін көрсетеді;
- Ежелгі Грекиядағы жазуының ерекшеліктерін анықтайды.

Тақырып	Ежелгі Грекияның гимназия, лицей, академиялары нені үйретті?
Оқу мақсаты	5.1.2.1 Ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Қоғамының әлеуметтік құрылымына сипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Грек мектептері 3 басқыштан тұрған.

Бірінші басқыш мектеп жасына дейінгі тәрбие (3 - 7 жасар). Бұл кезеңде балаларды адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеген.

Екінші басқыш 7 - 12 жасар балаларға жазу жазуды, оқуды, сызу сызуды, сурет салуды үйреткен.

Үшінші басқыш гимназия деп аталған. Әр түрлі ғылым салалары бойынша білім алып, шешендік өнерге баулыған.

Мектепте көбінесе ауқатты адамдардың балалары ғана оқыған. Мектептерде тек қана ер балалар білім алған. Қыз балаларға арналған мектептер болмаған. Оларды үйде анасы тәрбиелеген.

Балаларды мектепке апарып, қасында көмектесіп, тәрбие берген құлды педагог деп атаған. Ежелгі Грекияда ер адамдардың басым бөлігі сауатты, білімді болған.

1. Грек мектептерінде неліктен тек ауқатты адамдардың балалары оқыған?
2. Грек қоғамына сауатты адамдар неліктен қажет болды?
3. Перикл атты Афиналық стратег бір құлдың аяғын сындырып алғаны туралы естіп: «Тағы бір педагог пайда болды!» дейді. Осы сөзімен Перикл не айтпақшы болды?
4. Қазіргі кезде педагог деп кімді атаймыз?

Дескриптор: *Білім алушы*

- Грек мектептерінде тек ауқаттылардың оқу себебін көрсетеді;
- қоғам үшін сауатты адамдар маңыздылығына атайды;
- Ежелгі Грекиядағы педагогтардың рөліне баға береді;
- Қазіргі кездегі педагогты сипаттайды.

IV тоқсан

Бөлім: Рим империясының гүлденуі

Тақырып Рим ежелгі дүниенің ең қуатты империясына қалай айналды?

Оқу мақсаты

5.3.2.1 Ежелгі заман тарихындағы мемлекетаралық қатынастарды түсіндіру үшін «империя» ұғымын білу және пайдалану

Бағалау критерийі

Білім алушы


- «Империя» ұғымын пайдаланып, мемлекетаралық қатынастарды түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма


Ежелгі Римнің тарихи кезеңдері



«Биліктің жоғарғы органдары» кестесін толтырыңыз

	Республика	Империя
Биліктің жоғарғы органы		
Атқарушы билік		
Сот билігі		

Берілген картаны қолдана отырып, империя кезінде Рим қандай территорияларға (кемінде үш иелік) ие болғанын анықтаңыз.



1. _____
2. _____
3. _____

Дескриптор: Білім алушы

- Республика және империя тұсындағы жоғарғы басқару органдарын атайды;
- Республика және империя тұсындағы атқарушы билік ерекшеліктерін атайды;
- Республика және империя тұсындағы сот билігі ерекшеліктерін атайды;
- Империя тұсында жаулап алынған территорияларды (кемінде үшеуін) атайды.

Тақырып Рим ежелгі дүниенің ең қуатты империясына қалай айналды?

Оқу мақсаты

5.3.1.1 Ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Рим империясының саяси басқару құрылымы, міндеттеріне қатысты ұғымдарды сәйкестендіріңіз.

1. Принцип ат	А) Бұлар көмекшілер болды.
2. Августар	В) Бұл ұғым шексіз билік деген мағына береді. Оның саясинегізін монархиялық өкіметпен басқарудың жетілдірілген аппараты құрады. Императордың сарайы оның орталығы саналды.
3. Цезарьлар	С) Бұларды әміршілер деп атады. Император мен оның қосалқы әміршілері белгілі бір аумақта өкімет билігін жүргізді.
4. Доминат	Д) Б.з.б II ғасырға дейін сақталды. Бұл жүйе бойынша республикалық басқару ережесі сақталды, бірақ билік бір адамның - императордың қолында шоғырланды. Бұл билік мұрагерлікпен берілді.

Жауап кестесі

1	2	3	4

Дескриптор:

Білім алушы

- принципат саяси басқару жүйесін сәйкестендіреді;
- августардың саяси міндетін сәйкестендіреді;
- цезарьлар міндетін сәйкестендіреді;
- доминат саяси басқару жүйесін сәйкестендіреді.

Тақырып Рим ежелгі дүниенің ең қуатты империясына қалай айналды?

Оқу мақсаты

5.3.2.2 Басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгертерткенін талдау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Шекаралардың өзгеруіне соғыстар мен империялардың әсеріне талдау жасайды


Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Кескін картада белгілеңіз және Рим империясының ұлғаюының себептерін анықтап, талдау жасаңыз.

- а) Рим жаулап алған мемлекеттер мен аймақтарды кескін картаға көк түспен белгілеңіз;
- в) Рим республикасының жер аумағын сары түспен бояндар (б.з.д. 264 жылға қарай);
- в) Б.з. II ғасыр басындағы Рим империясының қанат жайған шекарасын үзік сызықпен көрсетіңіздер.



Дескриптор:

Білім алушы

- Рим империясы жаулап алған аймақтарды кескін картаға көк түспен белгілейді;
- Б.з.д. 264 жылға дейінгі Рим империясының жер аумағын сары түспен белгілейді;
- б.з. II ғасыр басындағы Рим империясының шекарасын үзік сызықпен белгілейді;
- Рим империясының ұлғаюының себептерін анықтап, талдау жасайды.

ТақырыпЕжелгі римдік қоғамның дамуы мәдениеті арқылы қалай айқындалады?

Оқу мақсаты

5.1.2.1 Ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Қоғамының әлеуметтік құрылымына сипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Ежелгі Рим қоғамындағы әр топ өкілдерінің суреттері берілген. Төмендегі суретке қарап әр топтың өкілдерін анықтаңыз және олардың немен айналысқанын сипаттаңыз.



Дескриптор:

Білім алушы

- Ежелгі Рим қоғамындағы әр топтың өкілдерін анықтайды;
- Ежелгі Рим қоғамындағы әр топтың өкілдерін қызметін сипаттайды.

Тақырып
арқылы қалай айқындалады?

Ежелгі римдік қоғамның дамуы мәдениеті

Оқу мақсаты

5.2.2.3 Ежелгі дүниенің өнеріне сипаттама беру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ежелгі дүние өнеріне сипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Төмендегі суретті мұқият қарап, жорамал сұрақтарға жауап беріңіз.



Бақылау сұрақтары: Нені көре аламыз?	Талдау сұрақтары: Құрылыс қашан салынған? Оның қандай бөліктері бар?
Проблеманы шешетін сұрақтар: Бұл құрылысты кімдер қолданар еді?	Айрықша сұрақтар: Бұл құрылыс қандай типті? Ол қандай үлгіде салынған?
Қиял-ғажайып сұрақтар: Егер сізді осы жерге шақырса кім болып барар едіңіз?	

Дескриптор:

Білім алушы

- Бақылау сұрақтарына жауап береді;
- Талдау сұрақтарына жауап береді;
- Проблеманы шешетін сұрақтарға жауап береді;
- Айрықша сұрақтарға жауап береді;
- Қиял-ғажайып сұраққа жауап береді.

Спартактың көтерілісі ежелгі Римдегі құлдықты

5.1.2.2 Ежелгі дүниедегі құлдың ерекшеліктерін анықтау

Білім алушы

- Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісінің ерекшелігін сипаттайды

Білу және түсіну

Төмендегі мәтінді мұқият оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтін мазмұнына байланысты тақырып қойыңыз.
2. Берілген мәтін бойынша ежелгі Римдегі құлдықтың ерекшелігін атаңыз.

Ол Рим әскерін бірнеше ұрыста тас-талқан етіп жеңді. Кейін олардың арасында көтерілістің жоспары туралы келіспеушілік туындады. Бұл Брундизия қаласының маңында өткен шайқастағы жеңіліске әкеліп соқты. Спартак сол шайқаста қаза болды.

2. Берілген мәтінді пайдаланып, уақыт сызығында оқиғаны дұрыс орналастырыңыз:
- Спартак бастаған көтерілістің басталған уақыты белгілеңіз;
 - Спартактың қайтыс болған уақытың көрсетіңіз.



Білім алұшы

- мәтіннің мазмұны бойынша тақырып қояды;
- ежелгі Рим империясындағы құлдықтың ерекшелігін анықтайды;
- Спартак бастаған көтерілістің уақытын көрсетеді;
- Спартактың қайтыс болған уақытын анықтайды.

Тақырып	Спартактың көтерілісі ежелгі Римдегі құлдықты қалай сипаттайды
Оқу мақсаты	5.3.2.3 Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісін сипаттау, себептерін анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Спартак көтерілісі арқылы Римдегі құлдықты сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген сурет бойынша жорамал сұрақтарға сипаттама беріңіз:

Бақылау сұрақтары: Суреттен нені көре аламыз?	Талдау сұрақтары: Көтеріліс қай уақытты қамтиды? Көтеріліс қай жерде болды? Оны кім басқарды? Оған кімдер қатысты?
Проблеманы шешетін сұрақтар: Бұл көтеріліс кімдер үшін маңызды болды? Неліктен?	Айрықша сұрақтар: Көтерілістің шығу себебі неде?
Қиял-ғажайып сұрақтар: Егер сізді гладиатор болсаңыз не істер едіңіз?	



Дескриптор: *Білім алушы*

- Бақылау сұрақтарына жауап береді;
- Талдау сұрақтарына жауап береді;
- Проблеманы шешетін сұрақтарға жауап береді;
- Айрықша сұрақтарға жауап береді;
- Қиял-ғажайып сұраққа жауап береді.

Бөлім:Дәуірлер тоғысындағы Рим

Тақырып I-III ғасырларда Рим империясы қалай дамыды?

Оқу мақсаты 5.2.1.1 Негізгі діни ұғымдарды (Құдай, ғибадатхана, абыз, қасиетті жазбалар, пұт) түсіндіру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Діни ұғымдарға түсіндірме береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну

Тапсырма

Кестені толтырыңыз.

Діни ұғымдар	Түсіндірме
Құдай	
Ғибадатхана	
Абыз	
Қасиетті жазбалар	
Пұт	

Дескриптор: *Білім алушы*

- құдай ұғымын түсіндіреді;
- ғибадатхана ұғымын түсіндіреді;
- абыз ұғымын түсіндіреді;
- қасиетті жазбалар ұғымын түсіндіреді;
- пұт ұғымын түсіндіреді.

Тақырып IV – V ғасырларда Рим империясы қалай өзгерді?

Оқу мақсаты 5.2.1.3 Ежелгі қоғамның дамуына діндердің ықпалын сипаттау

Бағалау критерийі *Білім алушы*


- Діннің қоғам дамуына әсерін көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Оқиғаның дұрыс реттілігін мерзімі бойынша көрсетіңіз.

- Христосқа сиынатын әр түрлі қауымдар мен ұйымдар пайда болды. Олардың діни түсініктері мен уағыздары бір-бірінен ерекшеленді;
- Адам бейнесіндегі құдай туралы аңыз пайда болып, оны Иса (Иисус Христос) деп атады;
- Христиан шіркеуі императорға бағынышты, өте бай және қуатты ұйымға айналды. Рим империясында христиан дінінен басқа діннің бәріне тыйым салынды;
- Константин христиандарға бас қосып, жиналуға және ғибадатхана салуға рұқсат берді. Ол шіркеу қызметін де нығайтты.



Дескриптор: *Білім алушы*

- оқиғаның дұрыс реттілігін орналастырады.

Тақырып Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы қандай

Оқу мақсаты 5.2.2.3 Ежелгі дүниенің өнеріне сипаттама беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Ежелгі дүние өнеріне сипаттама береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген ежелгі дүние өнерлері мен ғылымдардың ашқан жаңалықтарына сипаттама беріңіздер.

Ежелгі жазуларды атаңыздар

Гиппократ -

Архимед -

Ежелгі сағаттың пайда болуы -

Вавилон мұнарасы -

Дескриптор: *Білім алушы*

- ежелгі жазуларды сипаттайды;
- ежелгі жазулардың пайда болған жерлерін біледі;
- Гиппократтың ғылым саласына қосқан үлесін атайды;
- Архимедтің ғылым саласындағы жаңалығын атайды;
- ежелгі сағаттардың пайда болған жерлерін атайды;
- Вавилон мұнарасының не үшін салынғанын атайды.

Тақырып Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы қандай

Оқу мақсаты

5.2.4.2 Ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Шаруашылық түрлерінің ғылымдардың пайда болуына әсерін сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген ғылым салаларының қоғамға, шаруашылық түрлеріне тигізген әсерін сипаттаныз.

Сұрақтар	Арифметика	Геометрия	Астрономия	Медицина
Шаруашылық іс-әрекет қалай ықпал етті?				
Әлеуметтік өзгерістер қалай ықпал етті?				

Дескриптор:

Білім алушы

- Арифметика ғылымының шаруашылыққа және қоғамға әкелген ықпалын атайды;
- Геометрия ғылымының шаруашылыққа және қоғамға әкелген ықпалын атайды;
- Астрономия ғылымының шаруашылыққа және қоғамға әкелген ықпалын атайды;
- Медицина ғылымының шаруашылыққа және қоғамға әкелген ықпалын атайды.